



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 16 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

**Экономиканы долларландыру деңгейін төмендету
жөніндегі шаралар туралы**

2014 жылғы 4 наурыз

Алматы қ.

Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп Қазақстан экономикасын долларландыру деңгейін төмендету жөніндегі 2015 – 2016 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын әзірледі, ол Үкіметтің 2015 жылғы 17 ақпандағы мәжілісінде мақұлданды. Сонымен бірге, бұл Жоспар Ұлттық Банк Басқармасының 2015 жылғы 25 ақпандағы отырысында мақұлданды.

Жоспар үш негізгі стратегиялық бағытты қамтиды:

1. макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету;
2. қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамыту және көлеңкелі айналымды қысқарту;
3. ұлттық валютаның шетел валюタсынан басымдығы.

Бірінші бағыт бойынша Жоспарда экономиканы әртараптандыру және өндірілетін тауарларда, жұмыстарда және көрсетілетін қызметтерде қазақстандық қамтуды арттыру жөніндегі шаралар көзделген.

Екінші бағыт бойынша қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамыту жөніндегі шаралар көзделген.

Үшінші бағыт бойынша халықтың ұлттық валютадағы депозиттері бойынша кепілдік беру мөлшерін 5 млн. теңгеден 10 млн. теңгеге дейін ұлғайту, халықтың шетел валютасындағы депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесін жылдық 3%-ға дейін төмендету, банктерге өтімділік беру

және банк секторын сауықтыру, бағаны шетел валютасында (оның ішінде шартты бірліктермен) көрсетуге тыйым салуды белгілеу көзделген.

Экономиканы долларландыру деңгейін төмендегенде ұзак үдеріс болып табылады, оны табысты іске асыру Үкімет пен Ұлттық Банктің ғана емес, сол сияқты экономиканың барлық субъектілерінің өзара байланысты шаралар кешені мен бірлескен күш-жігерін пайдалана отырып, тұрақты әрі жоспарлы жұмысы кезінде мүмкін болады.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2704 639, +7 (727) 2704 585, +7 (727) 3302 497, e-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz.